

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 6 мамырдағы N 375 Конституциялық Заңы.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 192-құжат; 1998 ж., N 7-8, 71-құжат; 1998 жылы 10 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1998 жылғы 6 қарашадағы конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы"

2. Кіріспесі алып тасталсын.

3. 1-баптағы, 5-баптың 3-тармағындағы, 20-баптың 5-тармағындағы, 33-баптың 2-тармағының 2), 3) тармақшаларындағы, 34-баптың 1, 5, 6-тармақтарындағы, 39-баптың 2-тармағындағы, 41-баптың 6-тармағындағы, 43-баптың 1-тармағындағы, 45-баптағы, 50-баптың 2,3-тармақтарындағы, 54-баптың 1,2-тармақтарындағы, 55-баптың 1-тармағындағы, 56-баптың 3-тармағындағы, 59-баптың 2-тармағындағы, 59-баптың 7-тармағының 3) тармақшасындағы, 61-баптың 2-тармағындағы, 62-баптың 2-тармағындағы, 63-баптың 2-тармағындағы, 64-баптың 3-тармағындағы, 65-баптың 3-тармағындағы, 66-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы, 70-баптағы, 71-баптың 3, 6-тармақтарындағы, 72-баптың 3-тармағындағы, 73-баптың 2-тармағындағы, 73-баптың 6-тармағының 3) тармақшасындағы, 76-баптың 2-тармағындағы, 78-баптың 3-тармағындағы, 79-баптың 2-тармағындағы, 80-баптың 2-тармағындағы, 81-баптың 3-тармағындағы, 82-баптың 2-тармағындағы, 83-баптың 1-тармағындағы, 86-баптағы, 87-баптың 5-тармағындағы, 89-баптың 6-тармағының 3) тармақшасындағы, 93-баптың 2-тармағындағы, 94-баптың 3-тармағындағы, 95-баптың 2-тармағындағы, 96-баптың 2-тармағындағы, 97-баптың 3-тармағындағы, 98-баптың 2-тармағындағы, 99-баптың 1-тармағындағы, 102-баптағы, 103-баптың 8-тармағындағы, 104-баптың 6-тармағының 3) тармақшасындағы, 107-баптың 2-тармағындағы, 108-баптың 3-тармағындағы, 109-баптың 2-тармағындағы, 110-баптың 2-тармағындағы, 111-баптың 3-тармағындағы, 112-баптың 2-тармағындағы, 113-баптың 1-тармағындағы, 115-баптағы, 117-баптың 9-

тармағындағы, 118-баптың 6-тармағының 3) тармақшасындағы, 121-баптың 2-тармағындағы, 122-баптың 2-тармағындағы, 123-баптың 2-тармағындағы, 124-баптың 2-тармағындағы, 125-баптың 2-тармағындағы, 126-баптың 2-тармағындағы, 127-баптың 1-тармағындағы, 129-баптың 1-тармағындағы, 130-баптың 1, 2-тармақтарындағы, 133-баптағы "Осы Жарлық", "осы Жарлықтың", "осы Жарлықта", "осы Жарлыққа", "осы Жарлықты", "осы Жарлықпен" деген сөздер тиісінше "Осы Конституциялық зан", "Осы Конституциялық занда", "осы Конституциялық занға", "осы Конституциялық заның", "осы Конституциялық занды", "осы Конституциялық заңмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 3-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті болып табылады. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ".

5. 4-баптың 4-тармағы "Қазақстан Республикасы Парламентінің," деген сөздерден кейін "соның ішінде партиялық тізімдер бойынша," деген сөздермен толықтырылсын.

6. 5-баптың 1-тармағы "әрқайсысының" деген сөзден кейін "бір сайлау бюллетеніне" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 9-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасындағы "дауыс берудің бірінші турында" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақтың 2) тармақшасында:

"егер кандидатурасы үшін дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамы дауыс берсе" деген сөздер "дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың елу процентінен астамының дауысын алған" деген сөздермен ауыстырылсын.

Бұл түзету қазақша мәтінде осының алдындағы түзетуге енгізіліп отыр.

"осы Жарлықтың Ерекше бөлімінде белгіленген шектен төмен болмауға тиіс" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын.

8. 12-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) саяси партияларды Парламент Мажілісі депутаттарының партиялық тізім бойынша сайланатын бөлігіне қатыстыру мәселесін қарайды";

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) облыстар (респубикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы) әкімдерінің ұсынуы бойынша аумақтық округтік сайлау комиссияларын құрады";

5) тармақша саяси партиялардың өкілдерімен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді" деген сөздермен толықтырылсын;

6) тармақша "Президентті және Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау бюллетендерін дайындауды қамтамасыз етеді" деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақшадағы ", сондай-ақ олар қайта сайланған жағдайда Конституцияның 51-бабының 2-тармағына сәйкес Сенат депутаттарының сайлауын" деген сөздер алып тасталсын.

9. 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Аумақтық сайлау комиссиялары және оларды құру тәртібі

1. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы), аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары аумақтық сайлау комиссиялары болып табылады.

2. Аумақтық сайлау комиссиялары:

1) Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

2) жеті адамнан құрылады.

3. Облыстық сайлау комиссиялары облыс (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы) әкімдерінің ұсынуы бойынша Орталық сайлау комиссиясының шешімімен құрылады.

Төменгі тұрған аумақтық сайлау комиссиялары тиісті әкімнің ұсынуы бойынша жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясының шешімімен құрылады.

4. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін - он күннен, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады".

10. 14-баптың 7) тармақшасындағы "Парламент" деген сөзден кейін "Сенаты" деген сөзben толықтырылсын.

11. 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Округтік сайлау комиссиялары және оларды құру тәртібі

1. Округтік сайлау комиссиялары:

1) Орталық сайлау комиссиясының шешімімен облыс (республикалық маңызы бар қалалар және Республика астанасы) әкімдерінің ұсынуымен құрылады;

2) сайлау округтерінде Парламент Мәжілісі және мәслихаттар депутаттарының сайлауын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етеді.

2. Округтік сайлау комиссиясы жеті адамнан құрылады.

3. Округтік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін он күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады".

12. 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Участекелік сайлау комиссиялары және оларды құру тәртібі

1. Участекелік сайлау комиссиялары:

1) тиісті әкімдердің ұсынуы бойынша жоғары түрған тиісті сайлау комиссияларының шешімімен құрылады;

2) тиісті сайлау участекелерінде Президентті, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыру мен өткізу ді қамтамасыз етеді.

3) жеті адамнан құрылады.

2. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі участекелік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін - жеті күннен, ал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы үш күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады."

13. 21-бапта:

2-тармақ "астанасындағы" деген сөзден кейін ", аудандық, қалалық" деген сөздермен толықтырылсын.

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Республика Президенті және бара-бар өкілдік жүйесі бойынша партиялық тізімдер негізінде сайланатын Мәжіліс депутаттарының сайлауы кезінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі болып табылады "

14. 23-баптың 1-тармағындағы "округтік" деген сөз алып тасталсын.

15. 27-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "кандидаттардың" деген сөзден кейінгі "және" деген сөз алып тасталып, үтір қойылсын және "олардың сенім білдірген адамдарының" деген сөздерден кейін, "және ынталы топтар мүшелерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

16. 28-бапта:

3-тармақтағы "тиісті облыстардың, қалалар мен аудандардың" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ:

"өткізу үшін" деген сөздерден кейін ", партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

"шараларды ұйымдастырып өткізу үшін" деген сөздерден кейін партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетіндерден басқа," деген сөздермен толықтырылсын.

5-тармақ "Тиісті сайлау комиссиялары" деген сөздерден кейін ", партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын.

17. 33-бапта:

1-тармақ "Президентті," деген сөзден кейін "партиялық тізімдер негізінде сайланатын Парламент Мажілісінің депутаттарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

2) тармақшадағы "сәйкес" деген сөзден кейін ", партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "көпшілік шараларын өткізуге," деген сөздерден кейін "партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "кандидаттардың" деген сөздің алдынан "партиялық тізімдер бойынша дауысқа түсетін кандидаттардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын.

18. 34-бапта:

1-тармақтағы "сайлау алдындағы үгітін" деген сөздерден кейінгі "кандидаттардың" деген сөз алып тасталсын;

2-тармақтағы "Кандидаттардың" деген сөз алып тасталсын;

3-тармақта:

бірінші азатжолда сөйлемнің басындағы "Кандидаттардың" деген сөз алып тасталсын;

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сайлау округтері бойынша депутаттыққа кандидаттардың жеке қаражатынан, саяси партиялардың қаражатынан;";

4-тармақтағы "Кандидаттардың", "Кандидаттың" деген сөздер алып тасталып, екінші сөйлемдегі "қорына" деген сөз "қорға" деген сөзben ауыстырылсын;

5-тармақтағы "кандидаттардың" деген сөз алып тасталсын;

6-тармақта:

"Кандидаттың" деген сөз алып тасталсын;

"сайлау комиссиясы" деген сөздерден кейін "партиялық тізімдегі" деген сөздермен толықтырылсын;

"тек қана кандидатқа" деген сөздерден кейін "және партиялық тізімдерді ұсынған саяси партияларға" деген сөздермен толықтырылсын;

"тиісті сайлау комиссиясына" деген сөздерден кейінгі "кандидаттардың" деген сөз алып тасталып, "шоттарына" деген сөз "шоттарға" деген сөзben ауыстырылсын;

7-тармақта "кандидатурасын алып тастаған" деген сөздерден кейін ", саяси партия партиялық тізімді кері қайтарып алған" деген сөздермен толықтырылсын;

"оны ұсыну не тіркеу туралы" деген сөздер "кандидатты, партиялық тізімді ұсыну немесе кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Арнаулы уақытша шот бойынша барлық қаржылық операциялар сайлаудың алдындағы күні сағат 18.00-ден бастап тоқтатылады.";

9-тармақтағы:

"кандидат" деген сөзден кейін ", саяси партия" деген сөздермен толықтырылсын;

"кандидатқа" деген сөзден кейін ", саяси партияға" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта:

"Кандидаттың" деген сөзден кейін ", партиялық тізімді ұсынған саяси партияның" деген сөздермен толықтырылсын;

"кандидатты" деген сөзден кейін ", партиялық тізімді" деген сөздермен толықтырылсын.

19. 36-баптың 2-тармағында сөйлемнің басындағы "Кандидаттардың" деген сөз алып тасталсын.

20. 37-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сайлау бюллетеніне мемлекеттік тілдің әліп билік тәртібімен тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып, барлық тіркелген кандидаттар енгізіледі. Саяси партияларға дауыс беруге арналған сайлау бюллетеніне жеребемен айқындалған тәртіппен саяси партиялардың атаулары енгізіледі. Жеребе тартуды Орталық сайлау комиссиясы жүргізеді. Жеребе тартуды өткізу дің тәртібін Орталық сайлау комиссиясы белгілейді.";

3-тармақтағы (Сенат депутаттарын сайлау кезінде - аумақтық сайлау комиссияларына)" деген сөздер алып тасталсын.

21. 42-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Сайлаушы саяси партиялардың атаулары бар бюллетеньде өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға, не "Барлық саяси партияларға қарсы дауыс беремін" деген жолдың оң жағына орналасқан шаршыға кез келген белгі қояды".

22. 43-бапта:

3-тармақ:

"әрбір кандидат" деген сөздерден кейін ", әрбір саяси партия" деген сөздермен толықтырылсын;

Мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

"Жәшіктерді ашу, дауыстарды санау кезінде дауысқа түскен әр кандидаттан бір сенім білдірілген адам, куәлігі және редакцияның тапсырмасы болса, әрбір бұқаралық акпарат құралынан бір-бірден өкіл- журналист, сондай-ақ Республиканың тиісті сайлау комиссиясы жанында тіркелген қоғамдық бірлестіктерінен бір-бірден байқаушы, шет мемлекеттердің және халықаралық үйымдардың байқаушылары қатыса алады. Өкілдер мен байқаушылардың сайлау комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді. ";

4-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

4) әрбір кандидат үшін, әрбір саяси партия үшін берілген дауыстардың саны;";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) сайлаушылар барлық кандидаттарға, саяси партияларға қарсы дауыс берген бюллетендердің саны.",

5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс беруді қоспағанда, бір кандидаттан артық, бір саяси партиядан артық белгіленген;";

6-тармақ алып тасталсын.

23. 44-баптың 5-тармағында:

"иә деп" деген сөздер алып тасталсын;

"әрбір кандидат үшін" деген сөздерден кейін ", әрбір саяси партия үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

"жарамды деп танылған, алайда дауыс санаған кезде есепке алынбаған" деген сөздер "сайлаушылар барлық кандидаттарға, саяси партияларға қарсы дауыс берген" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Президенттікке, Парламент, мәслихаттар депутаттығына кандидаттар тіркелген күнінен бастап сайлау қорытындысы жарияланғанға дейін жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылуға құқылы. Кандидаттардың сайлауға қатысқан уақыты тіркелген күнге дейін оның жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек стажына есептеледі.

Президенттікке, партиялық тізім бойынша дауыска түсken кандидаттарды қоспағанда, Парламент депутаттығына, сондай-ақ мәслихаттар депутаттығына кандидаттарға сайлау өткізуге бөлінген республикалық бюджет қаражатынан осы кезеңге орташа жалақысы мөлшерінде шығындарының орны толтырылады".

25. 49-бапта "дауыс беру қарсаңында" деген сөздер "дауыс беруден бес күн бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. 50-бапта:

1-тармақ "кандидатты деген сөзден кейін, партиялық тізімді" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

"Кандидат" деген сөзден кейін ", саяси партия" деген сөздермен толықтырылсын;

"оған ескерту жасалады" деген сөздер "оларға ескерту жасалады" деген сөздермен ауыстырылсын;

"оны тіркеу туралы деген сөздер "кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. 55-баптың 1-тармағындағы "осы Жарлықта белгіленген сайлаушылар қолдауы бар болған жағдайда" деген сөздер алып тасталсын.

28. 59-баптың 2-тармағында:

"депозит ретінде" деген сөздер алып тасталсын;

"мың мәрте мөлшерінде" деген сөздер "жұз мәрте мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

", сайлау қорытындысына қарамастан," деген сөздер алып тасталсын.

29. 60-баптың 1 және 2-тармақтарындағы "үш тәулік бұрын" деген сөздер "жеті тәулік бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын;

30. 63-баптың 1-тармағындағы "Президент сайлауы кезінде дауыс берудің бірінші турында" деген сөздер алып тасталсын.

31. 64-баптың 1-тармағындағы "өткізілген жоқ немесе" деген сөздер алып тасталсын.

32. 65-баптың 2-тармағының 1) тармақшасындағы "дауыс берудің бірінші турында" деген сөздер алып тасталсын.

33. 68-бапта:

1-тармақта:

"Парламент Палаталары төрағаларының" деген сөздер "Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Президенті сайлауының қорытындыларын шыгару" деген сөздер "Президентінің қызметке кірісуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "қайта сайлау" деген сөздер "қайта дауыс беру" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. 69-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы "Сенатта өкілдігі жоқ тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністердің құрылуы" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "және Мәжіліс депутаттары сайлауынан кемінде үш күн бұрын өткізуле тиіс" деген сөздер "және мерзімі бойынша Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауымен сәйкес келе алмайды," деген сөздермен ауыстырылсын.

35. 71-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "республикалық маңызы бар қаланың немесе Республика астанасының мәслихаты кемінде екі кандидат ұсынады" деген сөйлем алып тасталсын;

3-тармақтағы ", осы Жарлықта белгіленген таңдаушылардың қолдауына ие болған" деген сөздер алып тасталсын.

36. 72-бапта:

1-тармақ "қолдауына" деген сөзден кейін ", бірақ бір мәслихаттан таңдаушылар дауысының елу процентінен аспайтын дауысына" деген сөздермен толықтырылсын.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Таңдаушылардың қолдауы олардың қолдарын жинаумен куәландырылады. Бұл орайда таңдаушылардың әрқайсысы Сенаттың депутаттығына бір кандидатты ғана

қолдап өз қолын қоюға құқылы. Сенаттың депутаттығына кандидат тіркелгеннен кейін қойылған қол тек сот шешімінің негізінде ғана кері қайтарылып алынады".

37. 73-баптың 2-тармағында:

"жұз мәрте мөлшерінде" деген сөздер "елу еселеңген мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

", сайлау қорытындысына қарамастан," деген сөздер алып тасталсын.

38. 74-баптың 1-тармағындағы "үш тәулік қалғанда және 2-тармағындағы "үш тәулік бұрын" деген сөздер тиісінше "жеті тәулік қалғанда" және "жеті тәулік бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын;

39. 77-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер бірлескен отырысқа тиісінше облыстың барлық мәслихаттарынан, республикалық маңызы бар қаланың немесе Республика астанасының мәслихатынан өкіл болатын депутаттардың жалпы санының елу проценттен астамы қатысса, ол занды болады."

40. 79-бапта:

1-тармақтағы "дауыс берудің бірінші турында" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы "дауыс берудің бірінші туры" деген сөздер "бастапқы дауыс беру" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын.

41. 81-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "дауыс берудің бірінші турында" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшадағы "басқа кандидаттармен" деген сөздер "басқа кандидатпен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бірақ дауыс беруге қатысқан таңдаушылардың жалпы санының кемінде қырық процентінің" деген сөздер алып тасталсын.

42. 84-баптың 1-тармағында:

"Парламент Палаталары төрағаларының" деген сөздер "Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Сенат депутаттары сайлауының нәтижелерін қорыту" деген сөздер "сайланған Сенат депутаттарын тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

43. 85-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "Парламент" деген сөз "Мәжіліс депутаттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы:

"Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда депутаттар сайлауын Парламенттің іс үстіндегі сайланымы өкілеттігі мерзімінің бітуінен кемінде бес ай бұрын және екі айдан кешіктірмей Республика Президенті тағайындауды." деген сөйлем "Осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда депутаттар сайлауын Республика Президенті Мәжіліс депутаттары өкілеттігі мерзімінің бітуінен

кемінде бес ай бұрын тағайындауды және ол екі айдан кешіктірілмей өткізіледі." деген сөйлеммен ауыстырылсын;

"Егер Республика Президенті депутаттар сайлауын көрсетілген мерзімде тағайындаудаса, Орталық сайлау комиссиясы Мажіліс депутаттары сайлауын Парламенттің іс үстіндегі сайланымының өкілеттік мерзімі біткен күннен бастап үш ай ішінде өткізеді" деген сөйлем алып тасталсын.

44. 87-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Партиялық тізімдерге біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша сайлау үшін адамдарды кіргізу құқығы саяси партияларға тиесілі."

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Партиялық тізімдерге біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Мажілістің депутаты етіп сайлау үшін адамдарды кіргізуді саяси партияның жоғары органы жүргізеді. Саяси партиялар партиялық тізімдерге осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын адамдарды кіргізуге құқылы. Партиялық тізіміне біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша Мажілістің депутаты етіп сайлану үшін кіргізілген адамның аумақтық сайлау округі бойынша ұсынылуға құқығы жоқ.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Саяси партиялар адамдарды партиялық тізімде орналастырудың тәртібін дербес белгілейді Партиялық тізімді саяси партияның жоғары органының партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан көшірмемен бірге саяси партияның өкілі Орталық сайлау комиссиясына табыс етеді. Өкілдің өкілеттігі тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

6-тармақ "округінен" деген сөзден кейін "және бір партиялық тізімнен" деген сөздермен толықтырылсын.

45. 88-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"88-бап. Сайлау жарнасы

Мажілістің депутаттығына әрбір кандидат тіркелгенге дейін және оның Конституция мен осы Конституциялық заң арқылы оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексергеннен кейін өз қаражатынан Орталық сайлау комиссиясының шотына заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының елу еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді. Енгізілген жарна кандидатқа қайтарылмайды және республикалық бюджет кірісінің айналысына түсіріледі. Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдерді ұсынған саяси партиялар оларға енгізілген адамдардың Конституция мен осы Конституциялық заң арқылы оларға қойылатын талаптарға сәйкестігі тексерілгеннен кейін саяси партиялардың қаражатынан Орталық сайлау комиссиясының шотына партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының елу еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізеді . Енгізілген жарна саяси партияларға қайтарылмайды және республикалық бюджет кірісінің айналысына түсіріледі".

46. 89-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Саяси партиялар табыс еткен партиялық тізімдерді тіркеуді Орталық сайлау комиссиясы жүзеге асырады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

Біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдерді тіркеу мынадай құжаттар:

1) саяси партияның жоғары органының саяси партияның Республика Әділет министрлігінде тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі қоса беріле отырып, партиялық тізімді ұсыну туралы хаттамасынан көшірме, сондай-ақ оның республикалық мэртебесін растайтын құжаттар;

2) азаматтың партиялық тізімге енгізілуіне келісетіндігі туралы арызы;

3) партиялық тізімге енгізілген әрбір адам туралы өмірбаяндық деректер;

4) партиялық тізімге енгізілген әрбір адамның психикалық денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама;

5) саяси партияның сайлау жарнасын енгізгендігін растайтын құжат болған жағдайда жүргізіледі.

Партиялық тізім бойынша кандидат етіп:

1) тіркеу алдындағы бір жыл ішінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауапқа тартылған;

2) тіркеу алдындағы бір жыл ішінде қасақана құқық бұзғаны үшін сот тәртібімен әкімшілік жаза қолданылған;

3) тіркеу уақытына қарай өтелмеген немесе занда белгіленген тәртіппен алынбаған соттылығы бар адам тіркелуге жатпайды.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Бір саяси партиядан адамдардың кез келген саны енгізілген бір тізімді ғана тіркеуге жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы 9-11-тармақтармен толықтырылсын:

9. Орталық комиссиясы:

1) партиялық тізімдерді тіркегеннен кейін оныншы күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында саяси партияның атауын, партиялық тізімге енгізілген адамдардың санын, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген әрбір адамның тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (кәсібін), жұмыс істейтін және тұратын жерін көрсете отырып, тіркеу туралы хабарлама жариялады;

2) тіркеу кезінде партиялық тізімге енгізілген адамдарға тиісті қуәліктер береді;

3) Конституцияның және осы Конституциялық заң талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда партиялық тізімді немесе партиялық тізімге енгізілген нақты адамды тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.";

10. Тіркеуден бас тарту немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жою жөнінде жеті күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін. Бұл орайда Орталық сайлау комиссиясы немесе сот шағым бойынша шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде шешім шығарады.";

11. Кандидаттар мен партиялық тізімдерді тіркеу егер сайлауды тағайындау кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлауға екі ай қалғанда басталады және бір ай қалғанда аяқталады".

47. 90-бапта:

1 және 2-тармақтардағы "үш тәулік бұрын" деген сөздер "жеті тәулік бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Саяси партиялар партиялық тізімдер тіркелгенге дейінгі кезеңде және одан кейін, бірақ дауыс беру күніне дейін жеті тәуліктен кешіктірмей, өздерінің партиялық тізімдерін кері қайтарып алуды мүмкін, бұл жөнінде Орталық сайлау комиссиясына жазбаша мәлімдеме және саяси партияның жоғары органы отырысының хаттамасынан көшірме береді. Бұл жағдайда Орталық сайлау комиссиясы партиялық тізімді тіркеуден бас тарту немесе тіркеудің күшін жою туралы шешім қабылдайды.".

48. Мынадай мазмұндағы 92-1-баппен толықтырылсын:

"92-1-бап. Саяси партиялардың сайлау қорының мөлшері

1. Саяси партиялар ұсынатын партиялық тізімдердің құрамында дауысқа түсетін кандидаттардың өз сайлау қорларын құруға құқығы жоқ.

2. Саяси партияның сайлау қоры:

1) саяси партияның жалпы сомасы заңдарда белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінен бес мың есуден аспауы тиіс жеке қарожатынан;

2) Республиканың азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы заңдарда белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен он мың еседен аспауы тиіс ерікті қайырмалдықтарынан құралады".

49. 94-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Партиялық тізімдер бойынша дауыс берудің хаттамалары дереу тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жөнелтіледі.".;

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Партиялық тізімдер бойынша сайлаудың нәтижелері тиісті аумақтық сайлау комиссиялары хаттамаларының негізінде Орталық сайлау комиссиясының отырысында анықталады. Сайлау нәтижелері туралы хаттама жасалады.".

50. 95-саптың 3-тармағы алып тасталсын.

51. 96-бапта:

1-тармақтағы "сайлаушылардың қажетті санының келмеу себепті сайлау өткізілмеген деп танылса немесе ол" деген сөздердің орнына "сайлау" деген сөз жазылысын.

Мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қайта сайлауға үш проценттік кедергіден өткен және алдыңғы сайлауға қатысқан саяси партиялар да қатыса алады.".

52. 97-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "дауыс берудің бірінші турында" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтың 2) тармақшасындағы", бірақ дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы дауыс санының кемінде қырық проценттін" деген сөздер алып тасталсын.

53. Мынадай мазмұндағы 97-1-баппен толықтырылсын:

"97-1-бап. Депутаттық мандаттарды партиялық тізімдер бойынша дауыс берудің қорытындыларына қарай бөлу

1. Орталық сайлау комиссиясы дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санының жеті және одан да көп проценттін алған әрбір партиялық тізім үшін біртұтас жалпыұлттық округтің аумағы бойынша берілген сайлаушылар дауысының жиынтығын есептеп шығарады. Жеті проценттік кедергіден өткен саяси партияны жақтап дауыс берген сайлаушылар дауысының жиынтығы онға - біртұтас жалпыұлттық округтің аумағы бойынша бөлінетін депутаттық мандаттар санына бөлінеді. Алынған нәтиже алғашқы сайлау жеке саны (квота) болып табылады.

2. Депутаттық мандаттарды бөлуге қатысқан әрбір партиялық тізім алған дауыстардың саны алғашқы сайлау жеке санына бөлінеді. Санды бөлу нәтижесінде алынған тұтас бөлік партиялық тізім құрган тиісті саяси партия алатын депутаттық мандаттар саны болып табылады.

3. Егер осы баптың 2-тармағына сәйкес жүргізілген іс-әрекеттен кейін бөлінбеген мандаттар қалса, оларды қайта бөлу жүргізіледі. Бөлінбеген мандаттар осы баптың 2-тармағына сәйкес бөлудің нәтижесінде алынған санның ең көп бөлшектенген бөлігіне (қалдығына) ие болған партиялық, тізімдерге бір-бірден беріледі. Ең көп қалдық тең болған жағдайда басымдық бұрын тіркелген партиялық тізімге беріледі.

4. Депутаттық мандаттар кандидаттарды тиісті партиялық тізімге орналастырудың ретінен қатаң сәйкес бөлінеді.

5. Партиялық тізімдерді құраған саяси партиялар арасындағы депутаттық мандаттарды бөлудің нәтижесінде сайланған депутат мерзімінен бұрын шығып қалған жағдайда, оның мандаты Орталық сайлау комиссиясының қаулысымен нақ сол партиялық тізім бойынша сайланған келесі кандидатқа беріледі.

Тиісті партиялық тізімде кандидаттар қалмаған жағдайда Мәжіліс депутаттарының келесі сайлауына дейін мандат бос қалады.

Саяси партия қайта құрылған немесе таратылған жағдайда осы партияның тізімі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттары өз өкілеттігін тоқтатады.

54. 100-баптың 1-тармағында:

"Парламент Палаталары төрағаларының" деген сөздер "Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мәжіліс депутаттары сайлауының нәтижелерін қорыту" деген сөздер сайланған Мәжіліс депутаттарын тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

55. 101-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы "аяқталуы" деген сөзден кейін ", занда белгіленген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта "мен Мәжілісінің" деген сөздер алып тасталсын.

56. 105-баптың 1 және 2-тармақтарындағы "үш тәулік бұрын" деген сөздер "жеті тәулік бұрын" деген сөздермен ауыстырылсын;

57. 109-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

58. 110-баптың 1-тармағындағы "Егер сайлау сайлаушылардың қажетті санының келмеуі себепті өткізілмеді деп танылса" деген сөздер алып тасталсын.

59. 111-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "дауыс берудің бірінші турында" деген сөздер алып тасталсын;

2) тармақшадағы ", бірақ дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың кемінде отыз процентінің даусын алған" деген сөздер алып тасталсын;

60. 112-баптың 1-тармағындағы "сайлау өткізілген күннен кейін жеті күн мерзімде" деген сөздер алып тасталсын;

61. 124-баптың 1-тармағындағы "Егер сайлау сайлаушылардың қажетті санының келмеуі себепті өткізілмеген деп танылған болса" деген сөздер алып тасталсын.

62. 125-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар даусының көпшілік санын алған кандидаттар берілген мандаттарға сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару органдарының сайланған мүшелері болып саналады".

Қазақстан Республикасының

Президенті